

75
AMÖZ

12 НАУРЫЗ
2021 ЖЫЛ
ЖҰМА

№ 5 (4469)


«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

НОВАТОР

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



2
КОНТРОЛЬ КОРРОЗИИ В РЕЖИМЕ
РЕАЛЬНОГО ВРЕМЕНИ



3
ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН,
АҚ МОЛ БОЛСЫН!



ҚҰРМЕТТІ ЗАУЫТТЫҚТАР, ҚАДІРЛІ АРДАГЕРЛЕР!

**Сіздерді шын жүректен Наурыз мерекесімен
құттықтаймын!**

Наурыз – бұл көктем мен жаңарудың, үйлесімділік пен жақсылықтың нышаны! Жасампаздық пен жарықтың, сұлулық пен махаббаттың нұрын төгетін, Наурыз халқымыздың мәдениеті мен дәстүрінің ұлылығын бейнелейді. Әр кезде осы мерекені қарсы ала отырып, біз қоғамымыздың қалыптасқан жоғары адамгершілік мұраттарына жүгінеміз. Бұл, ең алдымен, барлық қазақстандықтардың достығы мен өзара құрметі.

Зауыттың көпұлтты ұжымы үнемі еңбегі мен бірлігімен мақтана алады. Соның арқасында қиын шақтардан бірлесіп өте алдық. Бүгінгі таңда АМӨЗ-бұл прогрессивті технологиялар бойынша жұмыс істейтін, жоғары сапалы өнім шығаратын кәсіпорын, бұл бәрімізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан біздің бірлігіміз мықты, корпоративтік рухымыз берік, мақсаттарымыз айқын, ал күш-жігеріміз нәтижелі болуы керек!

Сіздерге және жақындарыңызға мол ырыс, мықты денсаулық пен сәттілік тілеймін!

Ұлыстың ұлы күні әр үйге бақ береке алып келсін!

**«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры
Шухрат Данбай**

ДОРОГИЕ ЗАВОДЧАНЕ, УВАЖАЕМЫЕ ВЕТЕРАНЫ!

**Сердечно поздравляю вас с праздником
Наурыз мейрамы!**

Наурыз – это праздник весны и обновления, гармонии и добра! Излучая энергию созидания и света, красоты и любви, Наурыз отражает величие культуры и традиций нашего народа. Каждый раз, встречая этот праздник, мы обращаемся к устоявшимся высоким нравственным идеалам нашего общества. Это, прежде всего, дружба и взаимное уважение всех казахстанцев.

Многонациональный коллектив завода всегда славился своим трудом и сплоченностью. Благодаря этому мы сумели преодолеть трудные периоды. Сегодня АНПЗ - это предприятие, работающее по прогрессивным технологиям, выпускающее продукцию высокого качества, что налагает на всех нас очень большую ответственность. Поэтому, наше единство должно быть крепким, корпоративный дух - прочным, цели – четкими, а усилия – результативными!

Желаю вам и вашим близким благополучия, крепкого здоровья и успехов!

Пусть Наурыз принесет в каждый дом счастье и процветание!

**Генеральный директор ТОО «АНПЗ»
Шухрат Данбай**

QA'YIPSIZDIK

SAPA

TURAQTYLYQ



АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ

БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

ПРОЕКТ

«КазМунайГаз» и Air Liquide договорились о поставках водорода и азота для АНПЗ

АО НК «КазМунайГаз» и французская Air Liquide договорились о поставках производственных технических газов на Атырауский НПЗ. Проект будет реализован через совместное предприятие ТОО «Эр Ликид Мунай Тех Газы» (далее – ЭЛМГТ).

В рамках долгосрочного контракта планируется ежегодно производить до 200 млн кубометров водорода и 50 млн кубометров азота.

Также эти договоренности предполагают трансфер цифровых технологий, практику по оптимизации энергопотребления, повышению технической надежности оборудования и эффективности производства. Для этого установки по производству водорода и азота будут подключены к Интеллектуальному и инновационному центру Air Liquide в г. Брюссель (Бельгия). Общий объем инвестиций от Air Liquide составил 86 млн евро, из них 65 млн евро для проекта на Атырауском НПЗ.

Фото Райымбека ЖАНИБЕКОВА



ОҚЫТУ

БІЛІМ - ӨМІР ШЫРАҒЫ

Атырау мұнай өңдеу зауытында жаңа жобалар қарқынды іске асып келеді. Солардың бірі Білім жобасы. АМӨЗ Бас директоры Шухрат Данбай басталған жаңа жылды білім жылы деп атап, зауыт қызметкерлердің білім деңгейіне аса мән беруді тапсырған болатын.

«Білім» жобасы персоналды іріктеу, оқыту, даярлау және дамыту бойынша 13 бағытты қамтиды. Аталмыш жобаны іске асыру шеңберінде жаңадан қабылданған қызметкерлерге арналған бейімдеу бағдарламасын жетілдіру және өндірістік-техникалық оқыту, оффлайн оқытудан онлайн-оқуға көшу мақсатында қызметкерлерді тиімді оқыту үшін әр қызметкер бойынша талдау жүргізу мүмкіндіктері бар iSpring платформасы жұмыс жасап жатырғаны белгілі.

Білім базасы - зауыттың барлық қызметкерлері үшін еркін қолжетімді түрлі материалдардан тұратын бөлім.

Сонымен қатар персоналды дамыту мақсатында Қазақстанның түкпір-түкпірінен арнайы мамандар шақыртылып, қызметкерлердің білімін арттыруға қадамдар жасалауда.

Солардың бірі екі күндік зауыт механиктері мен инженерлеріне арналған слесарлық және токарлық іс және жөндеу жұмыстары саласындағы құзыреттілікті арттыру тақырыптары бойынша оқытудан өтті.

«Осындай оқытулардың пайдасы зор деп есептеймін. Өйткені көптеген пайдалы

ақпараттарды еске түсіруге мүмкіндік алу дамыз. Ойымызды жинақтап, қорыту үшін де пайдасы зор. Сонымен қатар көрген-білгенімізді ұжымдастарымызға көрсетіп, талқылап, бірлесіп қызметті тиімді атқаруға тырысамыз. Оның өзі еңбек өнімділігін жоғарылатуға септігін тигізеді», - дейді ароматикалық көмірсутектер өндірісінің инженер-механигі Махамбет Қуанышов.

«Қазір барлық құрылғылар автоматтандырылған. Аталмыш оқу барысында көптеген пайдалы бейнероликтер көрсетілді. Онда ескі құрылғылар мен жаңасын салыстыруға, бұрынғы жұмыс бағытын қазіргі автоматтандырылған бағытқа алмасудың тиімділігін ұғынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар механика жөнінде заманауи әдістерді қолдандудың қыр-сырын білуге мүмкіндік зор. Білімімізді тереңдетіп, қызметте қолдану үшін оқытулардың пайдасы зор. Тек соған арнайы уақыт бөліп, оқу-білімге ерекше мән беру керек деп есептеймін», - дейді жылу және электр энергиясы өндірісінің құрылыс жөндеуді жоспарлау жөніндегі жетекші инженері Айболат Дүйсекешов.



НОВАЯ ТЕХНОЛОГИЯ

КОНТРОЛЬ КОРРОЗИИ В РЕЖИМЕ РЕАЛЬНОГО ВРЕМЕНИ

На технологических трубопроводных линиях установки замедленного коксования (УЗК) Производства кокса и серы ведется опытно-промышленная эксплуатация системы мониторинга статического оборудования «Permasense», осуществляющей контроль эрозийного и коррозионного разрушения. Это новый технологический уровень в области контроля коррозии и является одним из пунктов процесса цифровой трансформации на АНПЗ.

Нужно отметить, что традиционный способ измерений с выходом специалистов на установку осложняется тем, что точки, наиболее подверженные коррозии и эрозии, как правило, находятся в труднодоступных зонах. Обход таких точек не всегда может быть безопасным для персонала подрядных и иных организаций. Кроме того, подобная методика измерений не всегда обеспечивает требуемое качество данных, так как сбор информации согласно требованиям происходит раз в два года, а иногда и того реже. Помимо этого, ручные периодические замеры при проведении диагностики по толщиномеру формально определяют произошедшие изменения, но не позволяют спрогнозировать срок критичного утонения своевременно, что важно для принятия соответствующих кардинальных решений.

Принцип действия системы «Permasense» основан на

ультразвуковом эхоимпульсном методе неразрушающего контроля с использованием объемных ультразвуковых волн. Современные ультразвуковые датчики, которые легко и просто монтируются на трубу без врезки, непрерывно ведут мониторинг состояния толщины стенок трубы. От них данные передаются по защищенному беспроводному протоколу WirelessHART. Специализированное программное обеспечение хранит все измерения в базе данных, обрабатывает сигналы, рассчитывает толщину стенок объектов, скорость коррозии, диагностические и прогнозные данные.

Точные и достоверные данные о толщине стенок, поступающие в программное обеспечение по беспроводному протоколу, помогают правильно спланировать обслуживание трубопровода и принять решение о замене важных технологических линий и иных статических оборудования в

виде сосудов, колонн, емкостей в назначенный срок. Причем, реагирование может осуществляться на ранней стадии, прежде чем оборудование получит ощутимые коррозионные повреждения. В дальнейшем это позволит заводу перейти на обслуживание и замену трубопроводов по реальному текущему состоянию вместо плановой. Также за счет прогнозирования и непрерывного контроля состояния установки станет возможным увеличение ее межремонтного интервала.

Ультразвуковые датчики WT210, способные работать в среде высоких температур, имеют ряд преимуществ:


1. Используют принципы ультразвуковой технологии, что дает возможность оценивать динамику утонения и текущую толщину стенки трубопровода;
2. Являются беспроводными и могут быть перенесены на другое место, при необходимости на

- расстояние, предусмотренное возможностями системы;
3. Диапазон рабочей температуры до 600°C, а окружающей среды от -50...70°C;
4. Автоматическая компенсация звука в зависимости от температуры;
5. Минимальные затраты на обслуживание (срок службы батарей до 7 лет).

Еще одним из преимуществ новой системы является то, что мониторинг данных можно проводить с любого устройства с выходом в интернет.

Новая система, интегрирующаяся с бизнес-процессами АНПЗ, направлена на повышение эффективности проведения ремонтов.

Алгоритм работы системы мониторинга статического оборудования «Permasense»



Аслан ЛУКПАНОВ, ведущий специалист по инспекциям отдела обеспечения механической целостности оборудования

МАҢЫЗЫ БАР

ЕҢБЕКАҚЫДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Өздеріңізге белгілі болғандай, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап «АМӨЗ» ЖШС-де еңбекке ақы төлеудің грейдтік жүйесі енгізілді. Еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесі элементтерінің бірі қызметкерлердің бір жыл ішіндегі нәтижелілігін бағалау қорытындысы бойынша жалақыны жыл сайын арттыру болып табылады.

2020ж. 20 желтоқсаннан бастап зауыттың барлық құрылымдық бөлімшелерінде (қондырғылар, өндірістер, бөлімдер, қызметтер, департаменттер) бөлімше басшылары 2020 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша қызметкерлерді Бағалауды жүргізді.

Бағалау рәсімімен барлығы қызметкерлердің жалпы санының 93,5% қамтылды (өткен жылы 9 айдан аз жұмыс істеген қызметкерлерді қоспағанда). Алдын ала бағалауды Серіктестіктің Бағалау комиссиясы Бас директордың төрағалығымен қарап, бекітті.

«АМӨЗ» ЖШС Басқармасының шешімімен қызметкерлердің еңбегін уәждемелеу және ынталандыру мақсатында және Серіктестік бюджетінде қарастырылған қаражатқа сүйене отырып, 2021 жылғы жалақы бағдарламасы бекітілді, оған мыналар кіреді:

- Қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларын/тарифтік мөлшерлемелерін 1% мөлшерде жалпы көтеру.

- Нәтижелілікті бағалау қорытындылары бойынша лауазымдық айлықақылар/тарифтік мөлшерлемелерді мынадай мөлшерлерде арттыру («В»бағасы - 6%, «С» - 3%, «Д» - 1%).

Осылайша, лауазымдық айлықақылардың / тарифтік мөлшерлемелердің қорытынды өсуі келесіні құрады:

қызметкердің бағалау нәтижесі	жалпы көтеру	бағалау қорытындысы бойынша көтеру	көтерудің қорытынды %
В өте жақсы (болжаудан асады)	1%	6%	7%
С жақсы (болжауға сәйкес келеді)	1%	3%	4%
Д көп күтіледі (дамуды талап етеді)	1%	1%	2%
Е қабылдауға болмайды (болжауға сәйкес келмейді)	1%	0%	1%
бағалауға қатыспағандар	1%	0%	1%

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап штатқа қабылданған қызметкерлерге Бағалау қорытындысы бойынша жалақыны көтеру қолданылмайды. Жаңа қызметкерлердің айлықақылары тиісті грейдтегі лауазымдық айлықақыларының ең төменінде белгіленеді (2020ж. деңгейде).

Лауазымдық айлықақыларды/тарифтік мөлшерлемелерді көтеру 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қызметкердің лауазымдық айлықақысы/тарифтік мөлшерлемесі негізінде есептелген және 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген.

Барлық көзделген үстемесінің, қосымша ақылардың (зияндылығы, күрделілігі, басқару пульті және т. б.) мөлшерлері өзгеріссіз қалды (сақталды) және олар жаңа айлықақыларға/тарифтік мөлшерлемелерге қарай есептелетін болады.

Еңбекті ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу бөлімі 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап әр қызметкерге жаңа айлықақы туралы ақпарат беретін жеке хабарлама-хаттар дайындап, чехка тапсырды.

Сондай-ақ, еңбекке ақы төлеу шарттарының өзгеруіне байланысты (бұл жағдайда – жалақының көтерілуі) әрбір қызметкерге еңбек шартына қосымша келісім жіберілетін болады.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша мына нөмірлерге:

- жалақыны есептеу мәселелері бойынша бухгалтерияға (МСС) 58-440, 59-644
- жаңа лауазымдық айлықақыларды/тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу мәселелері бойынша еңбекті ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу бөліміне 59-138 нөмірі бойынша Екатерина Анга, 59-630 Дамира Қосымбаеваға Дамираға хабарласуға болады.

Еңбекті ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу бөлімі

СПОРТ

ПЕРЕХОДЯЩИЙ КУБОК – У КОМАНДЫ АНПЗ

26 февраля 2021 года в спортивном зале Атырауского колледжа энергетики и строительства состоялся волейбольный турнир среди ветеранов на переходящий Кубок генерального директора ТОО «АНПЗ». Профсоюз завода выступил одним из организаторов мероприятия. В связи с карантином турнир прошел без зрителей, а число участников было ограничено. На площадке за главный приз боролись четыре команды: ТОО «АНПЗ», Атырауского колледжа энергетики и строительства, АФ РОО «Федерация ветеранов волейбола» и АО «Кожан».



По мастерству игры и боевому духу команды не уступали друг другу, поэтому турнир получился захватывающим. В итоге, **третье место** завоевали волейболисты АО «Кожан», **серебряные медали** у ветеранов колледжа, а **победителем турнира** стала команда атырауских нефтепереработчиков.

От имени генерального директора ТОО «АНПЗ» Шухрата Данбай участников турнира приветствовал директор департамента оплаты труда и управления персоналом Серик Арыстан: «На Атырауском НПЗ большое внимание уделяется спорту и ведению здорового образа жизни. Потому что здоровые работники – это одна из главных ценностей политики предприятия. Наш руководитель Шухрат Абдурашитович сам спортсмен и активно поддерживает все инициативы, связанные с физической культурой».

С.Арыстан сообщил также, что турнир будет проводиться ежегодно. Известный государственный и общественный деятель, ветеран волейбольного движения Серик Алпатаев отметил, что турнир проведен в день рождения федерации волейбола в Казахстане,

и это очень символично. Он также высоко оценил преемственность АНПЗ спортивным традициям. Известный в Атырауской области ветеран спорта Канат Галимов также подчеркнул необходимость проведения подобных спортивных мероприятий: «Сегодня мы, ветераны, получили мощный заряд энергии и бодрости, еще раз убедились в том, что играем не хуже молодежи. Спорт – это сила воли, стремление жить, и это здорово! Радует, что этот турнир будет проводиться ежегодно, будем принимать в нем участие».

Группе ветеранов были вручены свидетельства и значки Федерации волейбола РК, а спортсмены отмечены в номинациях. Так, лучшим защитником был назван Сабыргали Гумаров (ТОО «АНПЗ»), ассакалом турнира-Канат Галимов (колледж энергетики и строительства), лучшим связующим - Сайфолла Орынбасаров (АО «Кожан»), лучшим нападающим – Манат Комиршинов (АФ РОО «Федерация ветеранов волейбола»), и лучшим блокирующим – Аманбай Касанов (АФ РОО «Федерация ветеранов волейбола»).

Фото Данияра МУХАМБЕТОВА

ДЕМОГРАФИЯ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ САНЫ АРТТЫ

Атырау мұнай өңдеу зауытында 2020 жылы 175 сәби дүние есігін ашқан. Өткен жылмен салыстырғанда 16 балаға артқан. Кәсіпорындағы бала өсімі жыл сайын артып келе жатырғандығын қызметкерлерді басқару бөлімінің мамандары да растап отыр.

Жалпы елімізде халық санын көбейту басты мәселелердің бірі болып саналады. 2021 жылы Қазақстанда түрлі әлеуметтік көмектердің өсімі байқалады.

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) табысы аз отбасыларға, соның ішінде көпбалалы отбасыларға төленетін болады. Ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-ы тағайындаудың шекті критерийі болып қала береді. Егер еңбекке қабілетті отбасы мүшесі ұсынылған жұмыстан және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларынан бас тартса, онда АӘК төлемі тек оған ғана емес, бүкіл отбасына да тоқтатылады.

Табысы аз отбасылардан шыққан балалар үшін кепілдендірілген **әлеуметтік пакетті** енгізу ұсынылады. **1 жастан 6 жасқа** дейінгі балаларды азық-түлік жиынтығымен және гигиеналық құралдармен, **6 жастан 18 жасқа** дейінгі балаларды мектептерде ыстық тамақпен, оқу құралдарымен және мектеп киімімен қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларға мектепке дейінгі жол жүру шығындары өтеледі.



Медициналық, оның ішінде стоматологиялық көмек 18 жасқа дейінгі балаларға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде көрсетілетін болады.

Ал зауытта қолданыстағы ұжымдық шарт аясында және «АМӨЗ» ЖШС әлеуметтік қолдау көрсету ережелеріне сәйкес зауыт қызметкерлері түрлі материалдық көмек алады. Атап айтқанда, мерейтойға, алғашқы некеге және де баланың тууына орай. Сонымен қатар, АМӨЗ жұмыс істемейтін зейнеткерлерге ай сайын жәрдемақы төлемдерін жүргізіп, материалдық көмек көрсетуде.

Арайлым ҚАБДЕШОВА



САЛТ-ДӘСТҮР – АСЫЛ ҚАЗЫНА

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің қазақ халқы үшін маңызы орасан. Аталмыш мереке көне мейрамдардың қатарына жатады. Қазақтың жасаң жылы Наурыз мерекесінде ұмыт қалған салт-дәстүрлер дәріптеліп, ұлттық тағамдар дайындалатыны белгілі.

Осы орайда бірнеше ұлт өкілдері қызмет ететін Атырау мұнай өңдеу зауытының тарихы да тереңде жатыр. Болашағынан үміт күттіретін жастарымызға демеу болып, ұлттық құндылықтарды ұғындыратын көненің көздері де жоқ емес.

Солардың бірі АМӨЗ ЖШС Кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары, Бастауыш «Nur Otan» партиясы ұйымының төрайымы Бақыт Өтебали. Балалық шағын еске алып, анасы үйреткен көптеген дүниелерді қуанышпен



еске алып, бізбен бөліскен болатын:

«Балалық шағымыздың тәтті кездері өте көп. Біз отбасында төрт қыз, бір ұл болып тәрбиелендік. Анамыз өте өнерлі жан болатын. Бізге текемет, киіз басу, жүн түтіп, ұршық иіру, алаша тоқу сымды өнерлер мен қатар ұлттық тәрбиені жастайымыздан бойымызға сіңіріп өсірді. Ата-анамыз сол кезде ойын мен жұмысты сабақтастыра отырып, көп нәрсеге баулығанын қазір түсініп келеміз. Солардың бірі терме алаша тоқу. Оның өзі бір үлкен өнер».

Ең алдымен күзем кезінде көктемде қойдың жүнін қырқытын. Алынған жүн жуылып, түтілетін. Жүнді түткенде мұрынның астына дейін жеткізген астынан тәттілер шығады дейтін. Біз сол үшін жүнді көбірек түтуге тырысамыз, жарысамыз. Ал енді, су иіп, ойнап қайтыңдар деп жібереді. Біз келгенге дейін түтілген жүннің астына тәттілер салып қоятын. Біз тәттілерді көріп риза болатынбыз. Осылайша ойын мен жұмысты қатар қойып, еңбекке баулитын. Кейін ұршықты толтырып жүнді иіреді. Иіріп болған соң екі иірілген жіпті қосып домалақтап, ищратамыз. Содан соң қалыпталады. Кейін даладағы үлкен қазанға суды қайнатып, ішіне бояу құйып, жіпті салып, түрлі түске бояп алады. Кейін далада күннің көзіне келтіреді. Кепкен соң домалақтап орайды. Бір алашаға 10-12 домалақ әр-түрлі жіп жинақталады. Жіптер дайын болған соң көріштерді жинап, алаша дайындауға кірісетін. Жерге 3 қазық қағылып, екі қазықтың ортасына қылыш, арқалық ағаштары қойылып, өрмек жүгірмеді. Содан соң өрмекті қазықтан шығарып алып, екі жақтан бекітеді. Мосы деп аталатын үш ағашты қойып, ілмекке іледі. Осылайша өрмек дайын болады. Өрмекке отырып алаша тоқу басталады. Өрмек тоқу үшін теру ағаш, қылыш, белдік ағаш, арқау қажет болады. Өрмек шығару үшін теру ағашымен жіпті тереді. Әрбір қылышпен соққан сайын, арасына арқау жібі жіберіледі. Арқауды мықты болу үшін түйенің шуда жүнінен иіріп жасайтын еді. Сөйтіп үлкен және кіші самурын өрнек, қошқар мүйіз өрнектері салынып, терме алаша жасалады. Осы өрнектен тоқылған терме алаша ең қиыны болып сана-

лады. Тоқылып болған соң шеттерін қиып, 10-12 шаршыға бөліп, бір-біріне қосып, мықты арқау жібімен тігіледі. Екі шетін көмкеріп, әртүрлі түсті жіппен шалады. Осылайша алашамаз дайын болады. Міне, қаншама еңбекті қажет ететін, бір жағынан ми жұмысының дамуына, қол моторикасының жетілуіне септігін тигізетін өнер түріне қанығып өстік. Алаша тоқу, киіз басу және тағы да басқа салт-дәстүрлерді өткізу адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы, үлкенді сыйлау, балаларды еңбекке баулу сымды үлкен тәрбиелік мәнге ие. Сол ғұрыптарымыздың әрі қарай да сақталуына үлес қосуымыз қажет. Қазақтың ең ұлы мерекесінде молшылық, шаңыраққа береке, елімізге амандық тілеймін».

Наурыз мерекесінің бірден-бір символына айналған ұлттық тағамдардың бірі - ол наурыз көже. Бұл тағамның дайындалу жолы да, тәртібі де әртүрлі болып келеді. Сол тұрарсында СО «ЗОЛ» реакгенттер мен газдар лабораториясының химиялық талдау лаборанты Райхан Хасанованың өзіндік дайындау тәсілі бар:

«Наурыз мерекесі жақын-дағанда үйде келер жылы тоқишылық пен ырыс, құт пен береке мол болсын деп, өзге де ұлттық тағамдармен қоса, наурыз көже пісіремін».

Наурыз көже жалпы жеті тағамнан дайындалады:

- Сүрленген ет (не қазы-қарта)
- Су
- Тұз
- Күріш
- Тары
- Күрт
- Айран

Етті жуып қазандағы суға салып қайнатамын. Су қайнаған соң етті көбігін алып, тұз саламын. Отты жай басып, етті піскенше қайнатамын. Ет піскенде, түсіріп, суытып, турап қоямын. Сорпаның тұзын тексеріп, қажет болса тағы тұз саламын. Осы сорпаға алдын ала тазартылған, жуылған күрішті салып, 40 минуттан кейін тарыны салып пісіремін. Күріш, тары піскен соң сорпаның салқындауын күтеміз. Салқындатылған сорпаға күріш, тары, күртты салып, айран құйып араластырамын.

Наурыз көженің толық дайын болуына 3-4 сағат уақыт жұмсалады. Салқындатылған Наурыз көже дайын. Егерде көжеңіз қою болып кетсе, оған су қоспаңыз. Тек айран қосып сұйылтуға болады.

Әлбетте көже дайындау кезінде тек мен ұсынған тағамдарды қосу керек деген талап жоқ. Кейбір жандар жемісті де қосып жүр. Бастысы – қосылатын тағамдардың саны жетеу болса болғаны.

Көжені құйып берудің де өзіндік үлкен мәні бар. Көжені ыдысқа толтырып құйып береді. Бұл несібіміз ортаймасын, дәм-тұзымыз мол болсын деген мағынаны білдіреді. Құйылған көжені тауысып ішу – әркімнің міндеті. Адам жыл басында наурыз көжеге тойып, қанып ішсе жыл бойы молшылықта болады деген ырым бар.

Құрметті зауыттықтар! Ұлыстың ұлы мерекесі Наурызымыз құтты болсын! Баршаңызға денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық, ырыс, ынтымақ, бақ, береке тілеймін».

Жазып алған Арайлым ҚАБДЕШОВА

ВСТРЕЧА С КАЗАХСТАНСКИМИ ПРОИЗВОДИТЕЛЯМИ СМАЗОЧНЫХ МАТЕРИАЛОВ

На Атырауском НПЗ под руководством генерального директора Ш.Данбай ведется большая работа по исполнению поручения Главы государства о импортозамещении товаров. В целях укрепления сотрудничества с товаропроизводителями холдинга «Самрук-Казына», группа работников завода в составе старших механиков отдела главного механика Рустама Зелетдинова и Максима Кокорева и меня в начале февраля посетили заводы ТОО «Hill corporation» в Шымкенте и ТОО «Лукойл лубрикантс центральная Азия» в Алматинской области, выпускающие масла и смазки.

Перед посещением всех комплексов ТОО «Hill corporation» в конференц-зале был проведен инструктаж по технике безопасности и организована презентация о деятельности завода. Участники презентации, а это исполнительный директор Н.Дутбаев, главный технолог А.Кабылбеков, директор по качеству У.Кубелекова, начальник исследовательского центра и лабораторий Ю.Байхутова, менеджер коммерческого блока Б.Шауханов ответили на интересующие нас вопросы.

Компания ТОО «HILL Corporation» в настоящий момент является единственной компанией не только в Казахстане, но и на всей территории постсоветского пространства, осуществляющий полный замкнутый цикл по производству масел и смазок, а так же их регенерации (переработка). В составе компании три крупных производственных комплекса. Первый комплекс - производство (блендинг) смазочных материалов мощностью до 70 тысяч тонн готовой продукции. Второй комплекс – цех по производству пластичных смазок (литол, солидол,

EP смазки) запущен в 2018 году по лицензии немецкой компании Fluid Solution. Третий комплекс – переработка отработанных смазочных материалов с получением базовых основ для пластичных смазок. Комплекс построен по лицензии немецкой компании Fluid Solution. Данная компания была выбрана неслучайно, так как Германия является лидером по переработке отработанных масел. К слову, в этом государстве около 50% отработанных смазочных материалов не сжигается, что вредно для экологии, а перерабатывается - получает «вторую жизнь».

Для нас была организована ознакомительная экскурсия по основному блоку комплекса. Мы увидели авто и ж/д эстакады, склад сырья и готовой продукции. Также побывали в операторной, откуда сотрудники руководят процессом производства продукции, и в лаборатории, где осуществляется контроль входящего сырья и готовой продукции, тестирование продуктов на всех стадиях производства и, конечно же, разработка новых продуктов специально под условия работы на предприятиях Казахстана.



Завод ТОО «HILL Corporation» произвел на нас большое впечатление. И это не только оборудование, но и автоматизированность процессов (практически исключен ручной труд) и высокая квалификация специалистов компании. Необходимо сказать, что ТОО «АНПЗ» уже несколько лет по программе импортозамещения приобретает смазочные материалы ТОО «HILL Corporation». Нареканий к качеству продукции у нефтепереработчиков нет, а в планах – увеличение доли казахстанской продукции.

Затем состоялась наша поездка на завод ТОО «ЛУКОЙЛ Лубрикантс Центральная Азия», расположенный

в поселке Байсерке Алматинской области. Производственная мощность предприятия составляет 100 тыс. тонн в год. На заводе выпускается до 800 наименований масел. Продукцию завода ЛУКОЙЛ в Казахстане используют такие компании как ТОО «Корпорация Казахмыс», АО «Самрук-Энерго», АО «АрселорМиттал Темиртау», Группа ERG.

Для нас была организована экскурсия под руководством начальника производства Антона Коновалова. Мы посетили ряд производственных объектов, ознакомились с технологией приготовления продукции. Испытательная лаборатория завода оборудована 75 единицами лабораторного оборудования от ведущих производителей Европы и США, что позволяет проводить до 70 видов испытаний. После экскурсии состоялась встреча с заместителем генерального директора по коммерческим вопросам Алексеем Харитоновым, на которой были обсуждены вопросы сотрудничества. Так, технические специалисты завода выразили готовность произвести подбор масла под любую технику. Кроме того, компания готова предоставить ТОО «АНПЗ» до 5 бесплатных анализов ежемесячно для осуществления мониторинга масел, используемых в производстве.

Ермек АЛТЫБАЕВ,
экономист департамента
материально-технического
снабжения и комплектация
оборудования

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Өздеріңіз білетіндей, «Атырау МӨЗ» ЖШС мен MEDIKER компаниясы «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС персоналына кешенді медициналық қызмет көрсету бойынша мемлекеттік - жекешелік әріптестіктің сервистік келісімшартына қол қойды. Осы ынтымақтастық аясында денсаулық сақтау пунктінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ол медициналық орталыққа айналды. Жана медициналық жабдықтар орнатылды, функционалды орталықтың функционалды қызметі кеңейді - мұнда мамандар қабылдауды бастады.

Медикер мекемесі зауыттықтардың жағдайын жақсарту мақсатында қаламыздың беделді медицина мекемелерімен келісімге отырып, кәсіпорын қызметкерлерінің жоғары деңгейде қызмет алуына барынша жағдай жасаған. Солардың бірі «SP Clinic» және «Tister» тіс емханалары.

Аталмыш клиника Атырау қаласындағы жұмысын 2011 жылы бастап, Медикер сақтандыру компаниясымен 2013 жылдан бері тығыз қызмет жасап келеді.

«Біздің клиникада тістерді



ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

сапалы емдеу, суыру және ауыр оталар жасалады. Біз үлкендермен қоса балаларды да қабылдаймыз. Біз Атырау қаласында азот қышқылымен емдеу әдісін қолданатын жалғыз клиника болып табыламыз. Бұл балалардың қорқынышын ұмытып, өздерін жақсы сезінуге көмектесетін арнайы препарат болып табылады. Егер сіздер сапалы стоматологиялық қызмет алғыларыңыз келсе, біздің есігіміз айқара ашық», - дейді «SP Clinic» және «Tister» тіс емханаларының директоры Гүлжан Кереева.

Аталмыш тіс емханасында еліміздің түкпір-түкпірінен келген тәжірибелі дәрігер мамандар қызмет етеді. Әр емделушіге жеке тәсіл. Балаларға арналған сыйлықтар мен арнайы ойын бөлмесі қарастырылып, тіс емдеу барысында сүйікті мультфильмдерін қарап отыруға жағдай жасалған.

Сонымен қатар қазіргі таңда клиника қызметі кеңейтіліп, гинекология мен косметология қызметтері енгізілуде.

Қазіргі таңда зауыт қызметкерлері сақтандыру бойынша тіс емдеу, тіс жулу, балалар стоматологиясы қызметтерін ала алады. Тісті гигиеналық тазалау мен ортопед қызметі нақтылану үстінде.

SP Clinic мекен-жайы: Мамекүлы 163
Instagram: @sp.clinic.atyrau
Тел: 315551

Tister мекен-жайы: Satpayeva 21A
Instagram: @tisterkz
Тел: +77052012010, 201201

«НОВАТОР» басылымы
№5. 12 наурыз 2021 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gergona» ЖШС
баспаханасында басылды.
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс № 349

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығы А.Татиева
«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
редакторлар: И.Сатылғанова,
А.Аймұратқызы.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінде
1992 жылғы 27 мамырда
тіркеліп, тіркеу туралы
№790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР